

**Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп оқытатын отбасыларына жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі жөніндегі Қағиданы бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімшілігінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 3/390 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 8 шілдеде N 460 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 12 ақпандағы N 1/102 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 12.02.2014 № 1/102 қаулысымен.**

**Ескерту. Қаулының аталуы жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1991 жылдың 21 маусымдағы N 692-ХІІ " Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес және Алматы қаласындағы мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау мақсатында, Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедек балаларын үйде тәрбиелеп, оқытатын отбасыларына жәрдемақыны тағайындау және төлеу тәртібі туралы Ереже қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Қалалық қаржы басқармасы (Тәжібаев Қ.Қ.) қала бюджетінде қарастырылған қаржы шегінде мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп, оқытатын отбасыларына жәрдемақы төлеуге уақытында қаражат бөлуін қамтамасыз етсін.

3. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті ( Нұрланов А.Ж.) мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп, оқытатын отбасыларына жәрдемақыны уақытында тағайындау және төлеуін қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 6 қыркүйектегі N 806 "Нақты әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А. Бижановқа жүктеледі.

*Алматы қаласының Әкімі*

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласы Әкімшілігінің  
2002 ж. 17 маусымдағы N 3/390  
қаулысына қосымша

# **Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп оқытатын отбасыларына жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі жөніндегі Қағидасы**

**Ескерту. Аталуы жаңа редакцияда - Алматы қалалық әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.**

## **1. Жалпы ереже**

1) Мүгедек балаларды үйлерінде тәрбиелеп және оқытып жатқан отбасыларына жәрдемақыны тағайындау және төлеу (әрі қарай мәтін бойынша - жәрдемақы), ол балалар 18 жасқа толғанша жүргізіледі.

2) Жәрдемақы басқа бір жәрдемақыларды алғанына қарамастан тағайындалып, төленеді.

3) Жәрдемақыны Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті бекіткен аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау орталығының Комиссиясы тағайындайды.

4) Комиссия жәрдемақыны тағайындау туралы құжаттары бар өтінішті түскен күннен бастап 10 күн ішінде қарайды.

5) Комиссия жәрдемақыны тағайындауға келісім бермеген жағдайда өтініш берушіге қарсылық себептерін көрсетіп жазбаша түрде хабарландырады.

6) Жәрдемақыны тағайындау туралы өтініш ұсынылған бар құжаттары мен жәрдемақы тағайындау туралы шешімімен қоса Комиссия хаттамасы алушының жеке ісінде сақталады.

7) Жәрдемақы төлемдері Департамент пен Халықтық Банктің облыстық филиалы арасында Агенттік Келісім негізінде Алматы қаласының Халықтық Банк филиалдары арқылы жүргізіледі.

8) Жәрдемақы төлемдері қолданыстағы заңдарға және осы Қағидамен сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 8) тармақша өзгерді - Алматы қалалық әкімшілігінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 3/470 қаулысымен.**

9) Барлық даулық мәселелер қолданыстағы заң бойынша шешіледі.

## **2. Жәрдемақыны тағайындау**

10) Үйлерінде мүгедек балаларын тәрбиелейтін және оқытатын отбасыларына жәрдемақы, ата-анасының біреуінің немесе оның орнындағы адамның өтініші бойынша тағайындалады.

11) Жәрдемақыны тағайындау туралы өтініш тұрғылықты жердегі аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау орталықтарына беріледі .

12) Жәрдемақы Алматы қаласы Білім беру Департаментінің Қалалық психолого-дәрігерлі-ұстаздық комиссиясы берген анықтамада көрсетілгендей, мүгедек баланы үйде тәрбиелеу және оқытудың қажеттілігі танылған сәттен бастап бір жылға тағайындалады және келесі құжаттардың негізінде көрсетілген мерзім бойынша әр тоқсан сайын төленеді:  
баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшесі куәландырылған акті  
т ұ ж ы р ы м ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

Алматы қаласы Білім беру Департаментінің Қалалық психолого-дәрігерлі-ұстаздық комиссиясы берген мүгедек баланы үйде тәрбиелеу және оқытудың қажеттілігі туралы анықтама;

отбасы құрамын растайтын құжат (N 3 нысаны бойынша анықтама) - әр  
т о қ с а н с а й ы н ;

13) Алғаш тағайындалған жағдайда жәрдемақы өтініш берген күннен бастап төленеді.

### **3. Жәрдемақыны төлеу тәртібі**

14) Жәрдемақы өткен тоқсан үшін 6,5 айлық есеп көрсеткішінің мөлшерінде б е р і л е д і .

15) Алушы уақытында талап етпеген жәрдемақы сомалары, төлем тоқтатылған тоқсаннан бастап жаңартылады.

16) Алушыдан қасақана дұрыс емес мәліметтерді ұсыну, жәрдемақы төлеміне әсер ететін жағдайларды жасырып қалу нәтижесінде артық төленген ж ә р д е м а қ ы н ы ұ с т а п қ а л у :

а) жәрдемақы тағайындау жөніндегі Комиссияның шешімі негізінде;

ә) соттық шешім, анықтама, қаулы және үкім негізінде жүргізіледі.

17) Жәрдемақы тағайындау жөніндегі Комиссияның шешімі негізінде ұстап қалатын жәрдемақының артық төленген сома берешегі толық өтелгенше жәрдемақы төлемі тоқтатылған жағдайда, қалған берешек соттық тәртіпте қ а й т а р ы л а д ы .

18) Басқаша себептермен артық төленген жәрдемақы сомасы кінәлі адамдардан қайтарылады.

### **4. Қорытынды ереже**

19) Халықтық банк филиалдары аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталықтарымен бірлесіп төленген жәрдемақы сомаларының салыстыру тексермесін жүргізіп есеп беру айының алдындағы айдың 5-ші санына Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаментіне ұсынады.

20) Алматы қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті Халықтық банктің облыстық филиалымен бірлесіп ай сайын әр айдың 10-шы санында салыстыру тексеруін жүргізеді.

21) Нақты әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсынылған мәліметтердің дұрыс болуына жауапкершілік аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау орталықтарына жүктеледі.

*Әкімшілік хатшысы*